

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Мектеп бітіру іс-шараларын өткізу туралы

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, 2025-2026 оқу жылы **2026 жылдың 25 мамырда** аяқталатынын назарларыңызға жеткізеді. *(қосымша тұжырымдамасы тіркеледі)*

Оқу жылының аяқталуына орай жалпы білім беретін мектептерде **«Білімім – Отаныма!» атты республикалық сынып сағаты** өткізіледі.

Сынып сағатында **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарына** басымдық беру керек. Адами капитал, білім, ғылым және инновацияны дамыту Халықтық Конституцияда айқындалған басты стратегиялық бағыттар ретінде дәріптелуі тиіс.

Сынып сағатының сценарийлерін сынып жетекшілері әр сыныптың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетінше әзірлейді.

Мақсаты: өскелең ұрпақты патриотизм, бірлік пен татулық, жалпыұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу, сонымен бірге Халықтық Конституцияның маңыздылығын насихаттау, заң мен тәртіпті нығайту.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі *(бұдан әрі - Министрлік)* 2026 жылғы 29 сәуірдегі №106-НҚ бірлескен бұйрығы негізінде аудандық білім бөлімі тарапынан **«Мектепке дейінгі, орта, негізгі білім беру ұйымдарында заңсыз ақша жинауға және бітіру іс-шараларын өткізуге жол бермеу жөніндегі шаралар туралы»** 2026 жылдың 08 мамыр күнгі №426-Ө бұйрықты қосымша жолдай отырып, аталған бұйрықты негізге алып, мектепшілік бұйрық шығаруды, сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйымдардың, орта, негізгі білім беру ұйымдарының басшылары педагогтерді, білім алушылар және ата-аналар жұртшылығы арасында осы бұйрықта көзделген бітіру іс-шараларын өткізуге және ақша жинауға жол берілмейтіні туралы жүйелі түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етуді тапсырады.

Оқу жылының аяқталуына байланысты білім беру ұйымдарында кештер, банкеттер, автокортеждер, таңды қарсы алу шаралары, алау жанында өткізілетін іс-шаралар, мейрамханаларда, кафелерде, банкет залдарында, асханаларда, демалыс базаларында және табиғат аясында өткізілетін салтанатты іс-шаралар нысандарында бітіру іс-шараларын өткізуге **тыйым салынады.**

Қорытынды емтихандар мен аттестат табыстау мерзімдері:

9-сынып бітірушілері үшін қорытынды емтихандар:

29 мамыр – 11 маусым;

11-сынып бітірушілері үшін мемлекеттік емтихандар:

2 – 15 маусым;

аттестат табыстау салтанаты: 17–18 маусым.

Аттестат табыстау салтанатты іс-шарасын ұйымдастыру:

Аттестат табыстау іс-шарасы мектеп басшысының бұйрығы негізінде, ата-аналар комитетімен келісу арқылы мектеп ғимаратында (аумағында) өткізіледі.

Білім алушылардың киім үлгісі мектеп формасына сәйкес болуы керек. Мерекелік кештерге арналған ерекше сәнді киінуге жол берілмейді.

Аудандық білім бөлімінің 2026 жылдың 08 мамыр күнгі №426-Ө бұйрығына сәйкес, аниматорларды, мерекелік агенттіктерді және жеке студияларды тартуға, мерекелік дастархандар ұйымдастыруға, автокөліктермен шерулер өткізуге, әкімшілікке және педагогикалық ұжымға сыйлыққа қаражат жинауға **ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ.**

Түлектерге арналған салтанатты іс-шара аяқталғаннан кейін барлық білім алушылардың үйлеріне аман-есен оралуы қатаң бақылауға алынып, іс-шарадан кейін олардың топтасып жиналып, беймезгіл уақытта қыдыруына жол берілмеуін **қатаң бақылауға алуды тапсырады.**

Жоғарыда айтылған тапсырмаларға сәйкес мектеп оқушылары мен ата-аналармен шұғыл жиналыс ұйымдастырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізуді, ата-аналар мен мектеп оқушыларынан қолхаттар алуды, кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтар мен келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында ерікті түрде **күндізгі және түнгі рейдтік іс-шаралар ұйымдастыруды тапсырады.**

Аталған өрескелдіктер орын алған жағдайда заңнамаға сәйкес **қатаң шаралар қолданылатынын ескертеді.**

Атқарылған жұмыстар туралы қорытынды ақпаратты **2026 жылдың 15 мамыр күніне дейін** білім бөліміне ресми хат негізде жолдауды сұранады.

Қосымша: 6 парақта (бұйрық, тұжырымдама)

**Басшының міндеттерін
уақытша атқарушы**

Самыл

Б.Самылтыров

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел: 2-14-10